

Е. Маралбек

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкері

АБАЙ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ «КӨҢІЛ» СӨЗІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ

Аннотация. Мақалада Абай поэтикасындағы айрықша сөз қолданыс, соның ішінде «көңіл» сөзі қолданысының лексика-семантикалық, прагматикалық, функционалды ерекшеліктері сөз болады.

Тірек сөздер: Абай тіліндегі «көңіл» сөзінің поэтикалық қолданысы, сөздің субъектіленуі, «көңіл» сөзінің символдануы, «көңіл» сөзінің семантикалық топтары.

Е.Маралбек

Сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынова

ЛЕКСИКО - СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ И СТРУКТУРНАЯ МОДЕЛЬ СЛОВА «КӨҢІЛ» В ПОЭТИКЕ АБАЯ

Аннотация. В этой статье рассматривается своеобразное словоупотребление в поэтике Абая; в частности, приводятся лексико-семантические, прагматические, функциональные особенности употребления слова «көңіл».

Ключевые слова: поэтическое использование слова «көңіл» на языке Абая, субъективизация слова, символизация слова «көңіл», семантические группы слова «көңіл».

Е. Маралбек

Employee of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov

LEXICO - SEMANTIC FIELD AND STRUCTURAL MODEL OF THE WORD «KONIL» IN THE POETICS OF ABAI

Annotation. This article considers peculiar word usage in Abai's poetics; especially, lexical-semantic, pragmatic, functional peculiarities of the usage of the word «konil» have been presented.

Keywords: The poetic usage of the word «konil» in Abai's language, subjectivization of a word, symbolization of the word «konil», semantic groups of the word «konil».

Абай – ұлы ақын, әлемдік деңгейдегі сөз зергері ғана емес, ірі ойшыл, бір ұлттың рухани биігіндегі шамшырақ. Нақтырақ айтсақ, Абай – рухани қазынасы мейлінше бай, жандүниесі алапат кең, ақыл-парасаты телегей, мінез-құлқы қайталанбас әлемдік деңгейдегі *ірі адами болмыс*. Ендеше мұндай «болмыстың» тілі қандай болмақ? Ол – терең талдау қажет ететін мәселе. Поэтика – тіл майданы. Яғни, тіл бірліктерінің небір нәзік қырларын танытағын, бар мүмкіндігін паш ететін, айрықша қарым-қабілетін көрсететін алаң. Абай тілінің де қыр-сыры поэтикасынан көрінеді. Ендеше Абайдың ақын ретіндегі негізгі айтпақ ойына, ойшыл ретіндегі толғаған тақырыптарына, жанрлық жаңалықтарына жіті назар аударсақ, бірталай сөздерді жиі қолданып, актив сөздік қорына айналдырғаны көзге түседі және өзге сөздерден айрықша тұрғаны танылады. Осы сөздердің ішінен бұл мақала-

да бір ғана «көңіл» сөзі зерттеу нысаны етіп алынады. Тұтас шығармашылығына зер салып қарағанда, аталған «көңіл» сөзі Абайдың шығармашылық концептісінде айрықша маңызға ие сөз екені байқалады. Демек, Абай шығармаларынан таңдап алынған осы «көңіл» сөзі лексика-семантикалық табиғаты, функционалды әлеуеті, тарихи-танымдық негіз тұрғысынан жан-жақтылы сөз етуді қажет етеді. Осы мақалада «көңіл» сөзінің айрықша белгісі мен мәні түрлі тілдік талдаулар мен статистикалық мәліметтер арқылы ашып көрсетіледі. Ақынның қолданысы арқылы сөзді тануға және сөздің қолданылуы арқылы ақынның, тіпті, ұлттың танымын ашуға жол ашылады.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «көңіл» сөзі Абай шығармаларында (өлең, аударма, поэма, қара сөз) 238 рет қолданылған. Бұл «Абай тілі сөздігінде» келтірілген мәліметтерден әлдеқайда көп. Құрастырушылар «Абай тілі сөздігінде» «көңіл» сөзі 215 рет қолданылған деп анықтаған. Сөздік 1970 жылы шыққан және Абай шығармаларының 1968 жылғы басылымы негізге алынғандықтан, Абайдың соңғы жылдары табылған өлеңдері санаққа алынбаған. Мұнда Абай шығармаларының 2005 жылғы толық нұсқалы соңғы басылымын негізге алынды. Онымен қоса, бұл басылымға да енбей қалған оншақты өлеңдері де санаққа алынды. Алайда бұл да соңғы көрсеткіш болмауы мүмкін. Дегенмен сөз қолданысының сандық көрсеткіші аса маңызды емес, бірақ маңызсыз да емес.

Аталмыш сөзді жан-жақты сипаттау үшін ең әуелі түрлі сандық мәліметтерді келтіріп өтейік. Нақтырақ айтсақ, «көңіл» сөзі поэмаларында 5 рет, аудармаларында 36 рет, өлеңдерінде 141 рет, қара сөздерінде 56 рет кездеседі. Жалпы 238 рет қолданылған. Бұл Абай шығармаларындағы ең жиі қолданылған дерексіз зат есім сөздерінің қатарына жатады. Абай шығармаларында ірі концепсияға, символға айналған «күрек» сөзінің қолданылу жиілігі де бұған жетпейді. «Жүрек» сөзі тұтас шығармасында 160 реттен астам қолданылған. «Көңіл» сөзі Абай шығармаларында 180 рет жалғаулы формада кездеседі. Осы қолданыстың басым бөлігі тәуелдеулі формаға, одан кейін септелеуі формаға тиесілі. Ал көптік форма тым сирек кездессе, жіктеулі формасы мүлде кездеспейді. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Тәуелдеу		Анайы Жекеше			Сыпайы Көпше			
		1-жақ	2-жақ	3-жақ	1-жақ	2-жақ	3-жақ	
		көңілім	көңілің	көңілі	көңіліміз	көңіліңіз	-	
		39	7	29	-	2		77
Тәуелдеулі септеу	Атау				-	-	Көңілдері (1)	1
	Ілік	Көңілімнің (6)	Көңіліңнің (1)	Көңілінің (1)	-	-	-	8
	Барыс	Көңіліме (3)	Көңіліне (2)	Көңіліне (4)	-	-	-	9
	Табыс	-	Көңіліңді (2)	Көңілін (9)	-	-	Көңілдерін (1)	12
	Жатыс	Көңілімде (4)	Көңілінде (1)	Көңілінде (6)	-	-	-	11
	Шығыс	Көңілімнен (2)	-	-	-	-	-	2
	Көмектес	-	-	-	-	-	-	-
Жиынтығы		54	13	49		2	2	120

(1-кесте: «Көңіл» сөзінің тәуелдену, септелеу формасы және статистикасы)

Кестеде көрсетілгендей, тәуелдеулі форма ең жиі кездеседі. Тек қана үш жақта тәуелдеудің өзі 77 рет, ал септелген тәуелдеу 43 рет, жалпы саны 120. Бұл тұтас қолданыстың тең жартысы. Демек бұл «көңіл» сөзінің морфологиялық құрылымдардың ішінде тәуелдік формада келуге өте бейім сөз екенін түсіндіреді. Ол «көңіл» сөзінің әуелі адам ішкі болмысының бір бөлшегі мағынасын білдіретіндігінен болса керек. Сөз қашан да өзінің әуелгі *туатуп, ядролық мағынасынан* қол үзбейді. Қашан да сол мағынаға сүйене отырып, өз өрісін кеңейтеді. Ядросынан қаншалықты алыстағанымен, арғы негізі көрініп тұрады. Ол қашан да тілдің таңбалық жағынан өзіне сай форманы талап етеді.

Әдетте сөзге жан бітіретін – етістіктер де, көрік бетегін – айқындауыштар. Бұл екі

тәсіл де синтаксистік жолмен жүзеге асады. Абай шығармаларында да «көңіл» сөзі етістік сөздермен іргелес, алшақ тұрып байланыса келіп, түрлі жанды, образды бейнелер жасайды, тың мағыналар тудырады. Әдетте бір сөйлем ішінде өзге сөйлем мүшелері етістік баяндауышпен түрлі деңгейде байланысып, бір толық ойды білдіруі заңды әрі қалыпты құбылыс. Бірақ Абай шығармаларында бір (өлең) сөйлемде бірнеше етістіктер қатар жүреді. Бірақ бұл қолданыс тіл заңдылығын бұзып, мағынаға нұқсан келтірмейді. Керісінше мағына беруі өте ұтымды және сөйлем түзілісі қисынды болып келеді. Мысалы, *суытып көңіл тыйсаңыз, ұзар көңіл шын беріп, әнге көңіл жіберіп тұр елжіреп, суып қайтар көңілім әселіше шалқып, жанып, сөніп, суынып қалған көңілім, азаматтың көңілі өсіп көтерілер, тыңдағанда көңілдің өсері бар, қайран көңілім қайыспай қайрат етті, үш көңілім көкке кері енді, сүйіспек көңілім ойлайды, кейде есер көңіл құрғырын, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен* т.б. Мұнда әрбір өлең сөйлем құрамындағы «көңіл» сөзінің семантикасында кемінде екі қимыл-әрекет, екі күй, екі жағдаят көзге елестейді. Екі қимылды бір ұғымның аясында тоғыстыра отырып, бір синтаксистік құрылымға сыйдыра білу Абайдай сөз зергеріне тән құбылыс болса керек.

Абайдың «көңіл» сөзін құбылтуда қолданған тағы бір ұтымды синтаксистік тәсілі – анықтауышты тіркестердің баяндауышпен байланысуы. Мұнда баяндауыш бірде есім сөз, бірде етістік болып екі түрі тұлғада келеді. Мысалы, *күңгірт көңілім сырласар, қара көңілім оянсын, жаралы көңіл жазылар, ата көңіл жанбаса бір, қам көңілдің тынбаған, талапты көңіл елермес, ұйқыдан көңіл ашар көз* т.б. Ал екінші түрлісі, *ақ көңілді жақсыдан, ақ көңілді әділ хан, қара көңілім әсермен тең* т.б. болып келеді. Тіпті, кейде бұл екеуінен де өзгеше, анықтауыштар үсті-үстіне жалғанып та «көңіл» сөзін айқындайды. Мысалы, *баямсыз ақ көңіл, менмен, кердең, қайғысыз, ер көңілмен*. Бірінші қолданыста ақын әр көңілдің сипаттарын анықтай отырып, оның ендігі күйін баяндауға көшеді. Екіншісінде заттың қасиетін анықтап көрсетуде оған сай келетін көңілдің сипатын да қоса анықтап көрсетеді. Ал үшіншісінде сол затта болған немесе болуға керек көңілдің бірнеше сипаттарын қатар анықтап береді. Бұлардың барлығы да «көңіл» ұғымының мәнін ашуда, қолданыс аясын кеңейтуде, сол арқылы диттеген ойды дәл беруде өте ыңғайлы синтаксистік тәсілдер.

Абай шығармаларындағы «көңіл» сөзінің қатысуымен келген кейбір синтаксистік құрылымдардың күрделілігі сонша, қай қырынан қарасаң да белгілі мағына береді. Бірақ барлығы да дұрыс. Бір құрылымның өзін бірнеше формада алып ұғынып көрсек, қай-қайсы да қисынды болып шығады. Мысалы:

1) *«Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын»;*

2) *«Ойланса, көңіл сүйсінгендей болады»;*

Мұның біріншісін *«Албыртқан, көңілі басылмаған жастар»* деп *Албыртқан* сөзін үтір арқылы ажыратып айтуға да, *«Албыртқан көңілі басылмаған жастар»* деп үш сөзді үтірсіз бірге алуға да болады. Ал екіншісінде *«Ойланса, көңіл сүйсінгендей болады»* деп алуға да, *«Ойланса көңіл сүйсінгендей болады»* деуге де болады.

Мұнда екі түрлі қолданыста дұрыс. Ал Абай шығармалар жинағының соңғы (2005) басылымында алғашқы нұсқасы бойынша берілген. Ал біздіңше соңғы нұсқада алу қисынды. Абай ақын емес, жазушы болғанда, екеуінің де бірінші нұсқасы дұрыс болған болар еді. Абайдың қара сөздерінің өзі өлең синтаксисінің құрылысымен беріліп отырады. Оның үстіне ол «көңіл» сөзін образды бейнеде қолданады. Біз жоғарыда анықтауышты тіркестерде көрсеткен мысалдардағыдай, бұл да «көңіл» сөзінің күрделі құрылымда келуі. Соңғы нұсқада алғанда «көңіл» сөзі образданып, сөздің экспрессивтік әсері күшті болады. Қарапайым сөйлеу тілі тұрғысынан тексерсек, әлбетте, бірінші нұсқасы дұрыс болар еді.

Абай шығармаларында «көңіл» сөзі әртүрлі мағынада 238 рет қолданылса да, сөйлем деңгейіндегі синтаксистік құрылымдар қайталанбайды. Тек Лермонтовтан аударған «Ой»

атты өлеңінде ғана «*көңілімнің күні өшкен соң*» құрылымы өлең ішінде екі рет қолданылады. Оның өзі мақсатты түрде. Тіркес деңгейіндегі құрылымдарда да қайталаулар сирек кездеседі. Мұнда, тіпті, әлдеқашан қалыптасқан тұрақты тіркестердің құрылымын бұзып, құрамын жаңартып (трансформациялап) қолданулар да жиі кездеседі. Ақын соған сәйкес жаңаша тіркестер жасап отырады. Мысалы, *көңіл аулау, көңіл ашу (көңіл көтеру), көңіл беру (көңіл қою), көңіл бөту, көңіл жету, көңіл жіберу (көңіл қою), көңіл көтерілу, көңіл қайту, көңіл қою, көңіл өсу, көңіл толу, көңіл тою, көңілге алу (ойлау, ойға алу), көңілге бекіту, көңілге жасау, көңілге кету, көңілге салу (көңілінен өткізу), көңілге түсу (көңілге қону, көңілге беку), көңілге тік кету, көңілде суреттеу, көңілден кету, көңілді қайыру (көңілді қайтару), көңілі жүру (көңілі сағынып жүру), көңілі тасу, көңілі тыну, көңілін басу* т.б. Бұл тіркестердің соңғы компоненті өзгеріске ұшырағанымен, бір мағынаны, ортақ ұғымды білдіретін бірнеше тіркестер шоғырының барын көруге болады. Мұнда тіркестің екінші сынары болып келген етістіктер өздерінің әуелгі лексикалық мағыналарынан әлдеқайда ауытқып, «көңіл» сөзімен ортақтасқан образды мағынаға көшкен. Сөйткен де, тілде бір мағынаны білдіретін тұрақты құрылым (тіркес) ретінде қалыптасқан. Бұл Абайдың ақындық жасампаздығын танытады. Абай тілінің бұл жасампаздығы туралы академик Р.Сыздық былай дейді: «Абайда трансформацияланған (өзгертілген) фразеологизмдердің көбі ғылым тілінде контаминация деп аталатын өзгерістерге ұшыраған тіркестер болып келеді. Мұнда кәдімгі фразеологизмдердің құрамындағы сөздер алмасып қолданылады. Мысалы, Абайдың *өсекке салу* деп қолданғаны *өсекке таңу* және *сөзге қалдыру (салу)* дегендердегі сөздерді бір-бірінен алып, алмастырып контаминациялау болып шыққан. *Тілге сөз түспеу* дегенде де осындай: *ауызға сөз түспеу* және *тілге сөз оралмау* дегендерден сөз алмастырып жасаған жаңа құрылым» [2, 123]. Абай бұл тәсілге тұтас шығармашылығында өте көп бой ұрған. Ақынның онысы сөз семантикасын құбылтудың сырын терең түсінуінен еді. Бұл тәсіл «көңіл» сөзін түрлеуге қолданылғанда, сөздің көркін тіптен құлпыртып жіберген.

Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзінің семантикасы сан тарау. Сондықтан бұл сан қырлы қолданыстарды «көңіл» сөзінің сипаты мен тек-түріне, ішкі құрылымдарына, образ жігіне қарай топтап көрсеткен абзал. Сол арқылы Абайдың поэтикалық тіліндегі «көңіл» ұғымының құрылымдық үлгісін (моделін) жасауға болады.

Абай поэтикасындағы «көңілдің сипаты» дегенде, оның сыртқы сипаты емес, оның қимыл-әрекеттік сипаты айтылады. «Көңіл» сөзінің алдына есім, етістік сөздерінің тіркесіп, анықтауыш болып келуі арқылы Абай поэтикасындағы адам көңілінің мынадай түрлері айқындалады. Бұл тіркестердің көпшілігі Абай шығармаларында дәл осы тұлғада кездеспейді (*кездесетіндері де бар*). Аздаған морфологиялық, синтаксистік құрылымдары ықшамдалып, анықтауышты тіркес тұлғасына жасанды келтірілді. Біз Абай шығармаларындағы «көңіл» сөзімен жасалған нақты тіркестерді көрсетуді мақсат етпедік. Одан «көңіл» сөзінің табиғаты толық танылмайды. Мақсатымыз Абай поэтикасында кездесетін көңілдің түрлерін анықтау болғандықтан, сөйлем ішіндегі синтаксистік байланысқа енген етістік, есімдердің мағынасына қарай, негізгі тұлғасын сақтай отырып, осындай жасанды тіркестерді жасадық. Оның жалпы саны 83-ке жетті. Бұдан да көп түрін жасауға болар еді. Бірақ ол шамадан тыс жасанды болып, мәнділігіне нұқсан келетіндіктен, осыған тоқтадық. Жасанды тіркес жасау тәсіліне бір мысал келтіре кетсек. Мысалы, *мендей көңілі сынықпен, қам көңілдің тынбаған, жыбыр қағып, көңілді тыныштыптайды, ұйқыдан көңіл ашар көз* деген өлең тармақтарындағы көңіл түрлерін *сынық көңіл, қам көңіл, тынышмас көңіл, ұйқытаған көңіл* деп құрылымдадық. Осы тәсіл бойынша анықтағанда, Абай поэтикасында көңілдің мынадай түрлері кездеседі: *айнымас көңіл, ақ көңіл, алаң көңіл, ата көңіл, ашық көңіл, адамзаттың көңілі, бахас көңіл, берік көңіл, бір қалыпты көңіл, дивана көңіл, дін көңіл, елiрген көңіл, ер көңіл, есер көңіл, жайланған көңіл, жақсы көңіл, жанған көңіл, жар көңіл, жаралы көңіл, жас көңіл, жұмбақ көңіл, зарлы көңіл, зерек көңіл, кезбе көңіл, кекті*

көңіл, кешпес көңіл, көктегі көңіл, көңіл – гүл, көңіл – өзен, күңгірт көңіл, кірлемеген көңіл, қажыған көңіл, қайғылы көңіл, қайғысыз көңіл, қаймақ көңіл, қайтпаған көңіл, қайыспас көңіл, қам көңіл, қамырықты көңіл, қара көңіл, қараңғы көңіл, қозғалмастай көңіл, қуанған көңіл, қуатты көңіл, құстай шүйген көңіл, қылт етпе көңіл, малқұмар көңіл, мас көңіл, мінсіз көңіл, надан көңіл, ойлы көңіл, ояу көңіл, өскен көңіл, санасыз көңіл, сезімпаз көңіл, соқыр көңіл, сорлы көңіл, сөнген көңіл, суыған көңіл, сүйіспек көңіл, сынық көңіл, таза көңіл, талапты көңіл, тебіренген көңіл, тербенген көңіл, тоймас көңіл, тоқ көңіл, торыққан көңіл, тынбас көңіл, тынған көңіл, тыншымас көңіл, тынымсыз көңіл, тірі көңіл, уанған көңіл, ұйқтаған көңіл, шайқалған көңіл, шарықтаған көңіл, шын көңіл, ынтыққан көңіл, менмен көңіл, кердең көңіл, надан көңіл, жас балаша көңіл т.б. Көріп отырғанымыздай, тіркестердегі көңіл түрлерінің баршасы адамның түрлі қасиеттеріне, мінез-құлықтық ерекшеліктеріне, эмоциясына, жастық-жыныстық ерекшеліктеріне қатысты болып келеді. Бұдан біз «көңіл» сөзінің адамның ішкі қасиеттері мен мінез-құлқын, болмысын бейнелеуде ерекше маңызға ие тіл бірлігі екенін байқаймыз. Және ақынның «көңілдің» сан қырын терең білетін білгірлігін танимыз.

Алдыңғы пайымдауларда біз «көңіл» сөзінің етістік сөздермен өте белсенді синтаксистік байланысқа түсіп, түрлі етісті тіркестерді жасайтынын айтқанбыз. Енді сол тұжырымға нақты мысалдар келтірмекпіз. Бұл тіркестердің де көпшілігі жасанды тіркестер. Мұнда да біз тіркес тұлғасын көрсетуді емес, «көңіл» сөзінің қалай қимылға көшетіндігін көру мақсатын қойғандықтан, осындай жасанды тіркестерді жасадық. Бұл тіркестердің жасалу жолына да бір-екі мысал келтіріп өтейік. Мысалы, *көңгірт көңілім сырласар – көңіл сырласады, әркімнің көңілі суысқан – көңіл суйды, дүниені, көңілім, кезесің – көңіл кезеді, қажыды көңіл көп шауып – көңіл шабады*. Осы тәсіл бойынша анықтағанда, Абай поэтикасында көңілдің мынадай қимыл-қозғалысқа енгенін көруге болады: *көңіл (көкке) ұшады, көңіл айтады (сөйлейді), көңіл алаңдайды, көңіл ашылады (бұйығылықтан ашылады, оянады), көңіл басылады, көңіл жайланады, көңіл жалығады, көңіл жиіркенеді, көңіл жоқпайды, көңіл көтеріледі (көңілі марқая), көңіл қайтады (көңіл қалады), көңіл қарайды, көңіл қозғалады, көңіл құйқылжиды, көңіл құптайды, көңіл құтылады, көңіл мақтанады, көңіл мейілденеді, көңіл мейірленеді, көңіл ойлайды, көңіл тысықтанады, көңіл разы болады, көңіл рахаттанады, көңіл сезеді, көңіл сенеді, көңіл сергиді, көңіл суйды, көңіл сүйсінеді, көңіл тербенеді, көңіл тояды, көңіл тыйылады, көңіл тыншиды, көңіл тыншымайды, көңіл уанады, көңіл ұғады, көңіл ұнатады, көңіл хұзурланады, көңіл шайқалады, көңіл ынтығады, көңіл іздейді, көңіл ішке жайғастырады* (41) т.б. Көріп отырғанымыздай, мұндағы «көңіл» сөзінің қимыл-әрекетте бейнеленуінің өзі әр сипатты. Яғни бірде нақты қимыл-әрекетте бейнеленсе, бірде белгілі психологиялық қалып-күйдегі бейнесі сипатталады. Бір қарағанда бұл етістік сөздердің барлығы да бір-бірімен мағыналық жақтан жуыспайтын сөздер. Мұны жуыстырып тұрған бір-ақ нәрсе, ол – *субъектілену*. Яғни, «көңіл» сөзі дерексіз «заттық» ұғымнан ауытқып, белгілі қимыл-әрекет, мінез-құлық, ақылес субъектісі санатына еніп тұр. Бұл сөз адам ішкі әлемінің бір құрылымы ретінде емес, сол субъектінің өз бейнесінде келіп отыр. Тілдегі бұл құбылысты академик Р.Сыздық былай түсіндіреді: *«көңілге ажым салу; қайғының иыққа шығуы, өтірікке ұшыну; көңілге қалың беру, қорлыққа жсығылу, ақылға сәуле қону, айлаға шырақ жазу сияқты фразеологизмдердің әрқайсысы бір-бір образ ретінде жаңа болғанымен, олардың жасалу моделі қазақ көркем сөзінде бұрыннан бар болатын. Ол модель фразеология теориясында синкреттілік амал деп аталатын жолмен жасалған фразеологизмдерге тән, яғни синкреттілік амал бойынша мағыналары бір-біріне жуыспайтын сөздер тіркеседі. Мысалы, абстракт есім мен нақты зат немесе іс-әрекет атауы тіркескенде, бұл қоспадан мүлде жаңа мағына шығады және ол мағына экспрессиялы, «отты» болып келеді. Семантикалық жуысуы жағынан бір-бірінен алшақ сөздерді шақпақ тас десек, бұл екі тасты бір-біріне соққанда ұшқын пайда болатыны сияқты, екі сөздің «соқтығысынан»*

пайда болған ұшқын экспрессиясы күшті жаңа мағына болып табылады»[2, 113]. Бұл – фразеологиялық құрылымдардың әсерлі мағына тудыру сыры жайлы дөп басып айтылған пікір. Дегенмен, «көңіл» сөзіне қатыстыра айтқанда, бұл сөздің соншалықты көп етістік сөздермен синтаксистік байланысқа түсе алу сырын дәл түсіндіре алмайды. Егер мағынасы жуыспас сөздерді «соғыстырып» жаңа тіркес, жаңа мағына жасай беруге болса, «көңіл» сөзімен тіркесетін етістіктер еш қиындықсыз басқа сөздермен де тіркесер еді. Бірақ «көңіл» сөзімен байланысқан көпшілік етістік сөздер өзге сөздермен қанша «соғыстырсақ» та тіркеспейді. Мысалы, *көңіл жылайды* деп айтамыз, *қайғы жылайды*, *қуаныш күледі* деп айта алмаймыз. Демек, «көңіл» сөзінің етістік сөздермен тіркесу қабілетінің соншалықты зор болуының сыры – әуелде осы қимыл-әрекеттің биоморфтық негізі болған субъектінің (адам) бейнесіне ене білуінде, *субъектілене* білуінде жатыр. Сондықтан біз жоғарыдағы келтірілген мысалдардағы «көңіл» сөзін қандай да бір нақты адамның баламасы деп білеміз. Ал Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының едәуір бөлігін осы қолданыс түрі иелейді.

Абай поэтикасында «көңіл» сөзі қолданысының тағы бір жүйелі үлгісі көзге түседі. Ол жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерден мүлде бөлек. Тіл білімінде бұл тәсіл *перифраз* деп аталады. Осыған дейінгі көрсетілген мысалдарда «көңіл» сөзі анықтауыштар арқылы түрлі кейпте сипатталды, етістіктер арқылы түрлі қимыл-әрекетте құбылды, ендігі жерде «көңіл» ішкі құрылымдардан, жүйелерден, бөлшектерден, мүшелерден тұратын дербес болмыс ретінде көрінеді. Яғни, «көңіл» адамның ішкі әлемінің бір бөлшегі ретінде емес, өзіне де меншікті құрамдары, ішкі әлемі бар бүтін «тұлға» ретінде көрінеді. Оны төмендегі матаса байланысқан есімді тіркестерден көруге болады. Мысалы, *көңілдің ақылы*, *көңілдің жайлауы*, *көңілдің жұбанышы*, *көңілдің жүгі*, *көңілдің көзі*, *көңілдің көлеңкесі*, *көңілдің күйі*, *көңілдің кірі*, *көңілдің қаруы*, *көңілдің қоштығы*, *көңілдің қуанышы*, *көңілдің қуаты*, *көңілдің құсы*, *көңілдің мейірімі*, *көңілдің рахаты*, *көңілдің сабағы(тәжірибесі)*, *көңілдің санасы*, *көңілдің сенімі*, *көңілдің тиянағы*, *көңілдің тыныштығы*, *көңілге жұбаныш*, *көңілге медеу* т.б. Бұл тіркестердің жасалу формасы, тіркесу тәсілдері бір болғанымен, одан туындаған мағыналардың ішкі жүйесі әр тарап. Тіркесте «көңіл» сөзі кейде анықтауыш ретінде қызмет атқарып, басыңқы сыңарын мағына жағынан айқындап қана тұрса, кейде басыңқы сыңарымен тең дәрежеде байланысып, ортақ атауыштық мағына білдіреді, ал кейде мағына жағынан өзі басыңқылық мән келіп, өзінен кейінгі сөзді меншіктеп тұрады. Бұл туралы академик Р.Сыздық былай дейді: «Абайдың көркем тіл кестесіндегі көзге түсер ерекшеліктердің бірі – контекстік (авторлық) перифраздарды қолдануы. Яғни жаңа перифраздық тіркес ұсынуы. ...сол сияқты надандықты *қараңғылық пердесі* деуі де осы жолмен жасалған: надандық бір нәрсені көре алмау, біле алмау, оның осы белгісін ақын *перде* сөзімен білдіріп тұр (*перде өзінің сыртындағыны қалқалап көрсетпейтін зат қой*). Ал *қараңғылық сөзі* – *надандық* дегеннің контекстік синонимі. Абай уайымды *көңілдің сызығы*, жазымшты *тағдырдың сызығы*, қайғыны *өмірдің шығжығы* деп суреттеп атауын біз қазақ көркем тіліндегі перифраздардың классикалық үлгісі дер едік»[2, 116]. Ғалым атап өткендей, бұл перифраздар жалпыны жалқылау немесе жалқы арқылы жалпыны көрсету мақсатынан туындаған бейнелі тәсілдер. Мұндағы тіркестер кейде тұрақты тіркестерге де ұқсанқырайды. Тіркес құрамындағы сөздерде де ортақ ұғымға қарай ұмтылыс байқалады. Ол ортақтық екі сөздің лексикалық мағынасының образдану арқылы бір ұғымға тоғысуынан туындаған. Бұл үрдіс дами келе тіркестердің тұрақталуына апарды. Осы тіркестердің тұрақты құрылымға айналу барысын баяулатып тұрған нәрсе тіркестің екі мүшесі де есім сөздер болғандығы болса керек. Бұл «көңіл» сөзінің есім және етістік сөздермен байланысуын өзара салыстырғанда анық аңғарылады. Мұндай «көңіл» сөзінің қатысымен жасалған перифраздар Абайда үш құрамды болып та келеді. Бұл перифраздардың алдыңғылардан ерекшелігі мұнда «көңіл» сөзі етістік сөздермен алшақ тұрып синтаксистік байланысқа енеді. Ал «көңіл» сөзі мен етістіктердің арасындағы есім сөздер

екеуін мағына жағынан жуыстырып, толықтырып, тіркеске ұйыпқы болады. Мысалы, *көңіл қаруын сайлау, көңілге жол табу, көңілге қуат қыту, көңілге талап салу, көңілге хасыл болу, көңілде дүние қайғысы тұру, көңілде махаббат тұру, көңілдің күні өиу, көңілге тік келу, көңіліне задалат келу, көңілге ой салау, көңілге ой түсу, көңілге сәуле толу, көңілге ой алу, көңілде ой тұру* т.б. Бұл перифраздардың мағынасын білдіретін тілде арнайы, дайын құрылымдар бар. Бірақ Абай ол дайын құрылымдарды пайдаланбай, өзінше тың дүниелер іздеп табады және онысы мүлде сәтті шығады.

Абай шығармаларында «көңіл» сөзінің тіркесуінен жасалған авторлық және халықтық тұрақты тіркестердің де шоғыры мол. Жоғарыдағы тіркестермен салыстырғанда, бұлардың құрылымы әлдеқайда тұрақталған. Әрі тіркестің құрамындағы әр сөз өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан ауытқып, ортақ мағынаға көшкен. Сондай-ақ бұл тіркестердің көпшілігі көңілдің түрлі күйін бейнелейді. Түсініктілік үшін осы тұрақты тіркестердегі етістіктерді тұйық етіс формасында бердік. Айталық, *көңіл алу (көңілін қарату), көңіл аулау, көңіл ашу (көңіл көтеру), көңіл беру (көңіл қою), көңіл бөлу, көңіл жету, көңіл жіберу (көңіл қою), көңіл көтерілу, көңіл қайту, көңіл қою, көңіл өсу, көңіл толу, көңіл тою, көңілге алу (ойлау, ойға алу), көңілге бекіту, көңілге жазу, көңілге келу, көңілге салу (көңілінен өткізу), көңілге түсу (көңілге қону, көңілге беку), көңілмен танысу, көңілі айрылму, көңілде суреттеу, көңілден кету, көңілді қайыру (көңілді қайтару), көңілі жүру (көңілі сағынып жүру), көңілі тасу, көңілі тыну, көңілін басу* т.б. Бұл фразеологиялардың мағыналарына тереңдей ой жүгіртсек, әрқайсы жеке-жеке көңілдің ұқсамаған күйлерін білдіреді және бір-бірін мағына жағынан мүлде қайталамайды. Кейде бір ұғымды бірнеше тіркестер арқылы да береді. Ол тіркестердің жалпы ұғымы ұқсас болғанымен, мәтін ішіндегі экспрессивті бояуы, мағыналық реңкі ұқсамайды. Мысалы, *көңіл бөлу* мен *көңіл беру* тіркестері жалпылама *көңіл аудару, назар салу* деген мағыналарды білдіргенімен, ішкі бояуы ұқсамайды. *Көңіл бөлу* тіркесінен *көңіл беру* тіркесінің экспрессиялық күші басымдау, образды, әсерлі болып тұр. Сол сияқты *көңіл толу* мен *көңіл тою* тіркестерін де айтуға болады. Кейде жалпы мәтіннің ыңғайына қарай бір тіркестің өзін де әртүрлі мағынада қолданады. Мысалы, *көңіл ашу* тіркесі жалпы халықтық тілде *көңіл көтеру* мағынасында қолданылса, Абайды осы мағынасында қолданылумен қатар, *санасын ояту, көзін ашу* деген мағыналарда да келеді. Бір айта кететіні, осы тұрақты тіркестер түрлі мағыналарды білдіргенімен, бәріне ортақ грамматикалық мағына бар, ол – көңілдің ішкі сипатын білдіру. Бір ғана «көңіл» сөзінен әртүрлі етістік сөздер арқылы осыншама мол тұрақты тіркестер жасай білу және оның көптеген ішкі сипатын анықтап көрсету – бұрын-соңды қазақ ақындарында сирек кездеседі, тіпті, кездеспейді деуге де болады. Бұл – Абайдың «көңілдегі көрікті ойды» дәл беруге деген ізденісі және соны дәл бере алған ақындық ғаламат күші.

Абай «көңіл» сөзін образдандырып, сан тарау мағыналарын, сан қырлы қолданыстарын көрсете келе *субъектілендіріп* жіберсе де, оның қалай да бір адамзаттық негізі болуға тиіс. Яғни, әдебиеттегі бір типтік бейненің шынайы өмірдегі негізі саналатын прототипі. Абай поэтикасындағы «көңіл» образының прототипі біздіңше екеу. Атап айтсақ, ол – Абай және қазақ халқы. Көңілге қатысты сөз негізінен осы екі «субъекті» айналасында өрбиді. Ақын «көңіл» туралы бөгделік жақта жалпылай сөйлегенде жалпы қараңғы қазақты мензей отырып айтады, солардың көңілінің күйін сөзге қосады және солардың көңіліне бағыттап айтады. Кейде ол жекеше, кейде көпше, кейде екінші жақты, кейде үшінші жақта, әйтеуі, ол сөз еткен көңіл – қазақ халқының. Жоқты-барды, келсе-келмес көңілдердің күйін өлеңге қосу – Абай табиғатында жоқ. Мысалы, *«жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік*. Мұнда көңілмен қарамаған кім? – қазақ халқы, ендеше сөз болып тұрған *көңіл* де қазақ халқының. Міне, халқының көңіліне тіл қағудан барып, Абайдың өз көңілінің күйі туады. Яғни, «Абай көңіл» асыл сөз (әдебиет) майданында пайда болады. Туып, өсіп, шындалып, халқының қараңғы көңілін жарыққа бастаған нұрлы, жетелеп шаршаған мұңлы көңілге айналады.

Екінші, көңіл – адам. Мұнда адамға тән қасиеттер емес, адамның нақты тұлғасында келеді. Мұнда да кейде ақынның өз бейнесінде, кейде өзге бейнелерде келеді. Өз бейнесі де бірнеше түрлі: *өзгеге көңіл тоярсың, өлеңді қайтып қоярсың* (ақын), *көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады* (ақылман), *сап, сап, көңілім, сап көңілім* (Абай), *елжіреп жылаймын, көңілін аш пенденің, сыйқатын қалқама, березер, я, рахим* (әке). Әлеуметтік статусына қарай өзге бейнеде де келеді: *диуана болды бұл көңілім* (дивана), *наданның көңілін басып тұр* (надан), *ата көңіл жанбаса бір* (ата), *жар көңіліне бір жанын пида қылып* (жар), *жас балаша көңілді жақсы уатар* (жас бала), *филипп патша баласы, ер көңілді* (ер), *көз жұмулы, көңіл мас* (мас), *адамзаттың көңілі өсіп көтерілер* (адамзат), *я хирс дүниеліктен қауымның көңілін суытпақ үшін* (қауым).

Үшінші, көңіл – жан. Көңілдің жан болатыны оның «тірі» сөзімен берілуінде. Қазақ танымында «тірілік» көбіне жанмен байланыстырылатын ұғым. Мысалы, *Ол айтқан тірілік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады* (жан).

Төртінші, көңіл – ұғым. Яғни ұғымдық нәрсе ғана. Ол нақты зат немесе заттық ұғымның атауы емес. Ол табиғаттағы қандай да бір болмыс пен құбылыс арқылы бейнеленеді және түсінік арқылы санаға ұғынылады. Болмыстың да бірнеше түрінде бейнеленеді: *бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер* (дүние), *көңілді түгел айтып болмайды екен* (таусылмас шексіздік, кеңдік), *шеш көңілімнің жұмбағын* (сыр бүккен жұмбақ). Түрін, түсін, ісін өзгерткен табиғаттың қандай да бір құбылысы: *көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын!* (қараңғылық), *күңгірт көңілім сырласар* (күңгірттік), *көңілімнің күні өшкен соң* (күн), *көңілге сәуле талмаса?* (сәуле). Өз күйін түсінуге ғана болатын түсінік: *жүрегі – айна, көңілі – ояу* (ояу), *ұйқыдан көңіл ашар көз* (ұйқы),

Бесінші, көңіл – субъекті. Яғни «көңіл» жоғары дәрежеде дамыған ақыл иесіне тән қасиеттер мен мінездерде, сана мен сезімде сипатталушы. Ең әуелі жақсы-жаман адамдық қасиетті бейнелейді: *және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді* (мақтан), *не іздейсің, көңілім, не іздейсің?* (албырттық), *қайран көңіл қайыспай қайрат етті* (қайрат), *көңіліме қуат біткені-ай!* (қуат), *талапты көңіл елермес* (талап), *әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады* (талап). Дүниені танитын және қорыға алатын сана: *көңілінде жоқ санасы* (сана), *көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ* (ғылым), *ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шеінің мейірімі секілді болады* (білім), *қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымында құмарлық қайдан тұрсын?* (ақыл), *сүйіспек көңілім ойлайды, көңілге түрлі ой салар* (ой), *ақ көңілді жақсыдан* (тәрбие). Субъектіге тән тағы бір ерекшелік – сезім. Ол «көңіл» сөзінде махаббат және түйсік ұғымдарымен ұштасады: *сезімпаз көңіл жылы жүрек* (сезім), *көңілде өзге махаббат тұрғанда* (махаббат), *ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен* (ләззат), *шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе* (ғашықтық), *көңілде қайғы, қалың зар* (қайғы), *мендей көңілі сынықпен* (мұң), *жаралы көңіл жазылар* (жара), *жарқ етпес қара көңілім не қылса* (жалғыздық). Адамға тән бес сезім мүшелері, түйсік, көңілдің құрылымы ретінде беріледі: *көңілсіз құлақ-ойға олақ* (есту, құлақ), *көңіл айтып тұрса, сенбедік* (айту, тіл), *ақ көңілің анық қарайды* (көру, көз). Көңілге адам мінезі де тән. Абай «көңіл» өз мінезін эмоциялар арқылы көрсетеді: *көңілден кернеген кек кемігендей* (ашу, ыза), *қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ* (өкпе-наз).

Алтыншы, көңіл – дін. «Көңіл» Алланың хикіметін сезген, сенген, мойын ұсынған иман жүзді болмыс ретінде сипатталады. Кейде нәпсіқұмарлық, тойымсыздық сияқты діни ұғымдарға қатысты көрініс табады: *Егер дін көңілің өзге нәрседе болса* (дін), *Алла ісі деп көңілінде көрсең күшті* (иман), *үміт жақын, көңіл ақ* (пәктік), *кірлемеген көңілдің ашығында* (пәктік), *көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен, қызмет қылсын көңілі таза жүріп* (адалдық), *ынталы жүрек, шын көңіл* (шыншылдық), *рахметіне Алланың көңіл сенер* (сенім), *көңілі қозғалмастай берік болу керек* (сенім, тұрақтылық), *малқұмар көңілі – бек соқыр* (нәпсі), *алған сайын көңілі бір тоймады* (тойымсыздық), *я хирс дүниеліктен қауымның*

көңілін суытпақ үшін (ынсап). Діни ұғымның ең үлкені – рух. Рух көкке көтеріледі, дүниені кезеді, оның тұрақ-мекені – аспан. Абай тілінде де «көңіл» рух сипатында да бейнеленеді: *ұш, көңілім, көкке, керегі енді!, дүниені, көңілім, кезесің* (рух). Осы келтірілген мысалдар Абай поэтикасындағы «көңіл» ұғымының алты жүйесін нақты дәлелдейді. Әр жүйенің өзінде «көңіл» сан-алуан бейнеде сипатталады. «Көңілдің» мұнша көп бейнеде келуі ақын ойын образды бейнелеу қажеттілігінен туған. Образды бейне көңілге өз суретімен түседі де, ұғымы дәл, анық, қонымды болады. Ал «көңіл» сөзінің образды орнын дәл тауып беру – теңдессіз поэтикалық шеберлік. Ол, әрине, Абайға тән.

Қорыға айтқанда, Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының жүйесі сан тарау, сипаты сан қырлы, бағыты әртарап, сөз құрылымы әр басқа, сөз семантикасы әр алуан. Бірақ барлығы да бір ортақ заңға бағынады. Ол заң – образды ойлаудың заңы мен тіл жұмсаудың заңы. Абай поэтикасында «көңіл» сөзінің өзіндік құрылымдық-грамматикалық ерекшелігі бар. Құрылымдық жақтан жалғаулы формада көп кездескенімен, сөздермен синтаксистік байланысқа түсуге аса бейім. Сөзден жаңа мағына тудыруда синтетикалық тәсілге емес, аналитикалық тәсілге көп жүгінеді. «Көңіл» сөзінің тіркес түзімдік ерекшелігі де әртүрлі. Мұнда, көбінде, есім, есімше, көсемше сөздерімен тіркесіп келу арқылы анықтауышты тіркес жасаса, етістік сөздермен тіркесіп келу арқылы етісі тіркес жасайды. Есімді тіркестер «көңілдің» түрлі сипатын білдірсе, етісті тіркестер «көңілдің» әр алуан қимыл-әрекетін, күйін білдіреді. Мұндай тіркестерде кейде бір «көңіл» сөзі екі анықтауышпен, екі етістік сөздермен байланысуға да қабілетті. Бұл Абайдың ақындық, ақылмандық сөз қолдану қуағын көрсететін тілдік құрылым саналады. Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының лексика-семантикалық ерекшелігі де сан қырлы. Сөздің семантикалық потенциялы тіркестүзімде ашыла, арта түседі. Осы көптеген мағыналар мен ұғымдар «көңіл» сөзін үлкен категориялық ұғымға айналдырады. Абай өз шығармаларында «көңіл» сөзін өзінің және халықтың ішкі дүниесінің символы ретінде қолданады. Осы екі үлкен ішкі әлемнің бейнесін жасауда «көңіл» сөзін алты негізгі жүйеге түсіріп, әр жүйеде тектес көптеген бейнелерге енгізеді. Осы сан қырлы қолданыстардың барлығының да тоғысар жері біреу-ақ, ол *көңіл – субъекті*. Яғни Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі жан, иман, рух, ұғым, сезім, түйсік, мінез-құлық, қасиет, бейне, қимыл-әрекет сияқты адамға тән барша қасиеттер жинақталған «ұғымдық субъекті».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Абай тілі сөздігі. Алматы-Түркістан, 1995. 350 б.
- [2] Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. 208 б.
- [3] Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2005. 1-т. Өлеңдер мен аудармалар. 296 б.
- [4] Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2005. 2-т. Өлеңдер мен аудармалар. 336 б.
- [5] <https://sites.google.com/site/abai1845/system/app/pages/subPages?path=/-le-der&offset=100>. [Электрон ресурсы]. (Жүгіну уақыты: 25.10.2015).
- [6] http://ibrahim-abai.blogspot.com/2015/08/blog-post_62.html. [Электрон ресурсы]. (Жүгіну уақыты: 25.10.2015).